

**ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ
НӘТИЖЕСІНДЕ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ДАМУ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІ ЕТУ**

КОНКУРЕНТНЫЕ ПРЕИМУЩЕСТВА РАЗВИТИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА ПРИ ЭФФЕКТИВНОМ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ЛОГИСТИЧЕСКОЙ КОНЦЕПЦИИ

COMPETITIVE ADVANTAGES OF AGRICULTURAL SECTOR DEVELOPMENT AND THE EFFECTIVE USE OF LOGISTICS CONCEPT

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Аннотация. Анализируется состояние развития транспортно-логистической сети в сельском хозяйстве. Рассмотрены проблемы продовольственного рынка, неразвитость инфраструктуры и логистической отрасли в стране, нехватка собственного капитала на приобретение сырья, мини заводов по его переработке; использование отечественными производителями традиционных методов производственных процессов, медленная адаптация к инновационным преобразованиям; недостаточная оценка общественной значимости обращения товаров. Отражены социальные аспекты, связанные с несвоевременным решением проблем в сфере логистики. Показаны механизмы бесперебойного обеспечения необходимыми ресурсами сельскохозяйственных товаропроизводителей, соглашений с поставщиками, а также сокращения расходов на закупку и транспортировку сырья к местам переработки. Указаны факторы и негативные моменты, тормозящие применение логистической концепции в казахстанской экономике.

Abstract. The state of the development of transport and logistics network in agriculture has been analyzed. The issues of food market, underdeveloped infrastructure and logistics industry in the country, lack of own capital for the purchase of raw materials, mini factories for processing have been considered; Use of traditional production processes methods by domestic producers, slow adaptation to innovative transformations; Insufficient evaluation of social significance of product

circulation. The social aspects related to the untimely solution of the problems in the field of logistics have been reflected. The mechanisms of uninterrupted supply of necessary resources to agricultural producers, agreements with suppliers, as well as cost reduction for purchasing and transporting raw materials to processing facilities have been shown. The factors and negative aspects that restrict the application of the logistic concept in Kazakhstan economy have been indicated.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, ауылдық территориялар, логистикалық жүйе, тағам өнімдері, шикізат, бірігу, экономикалық тиімділік, ауыл тұрғындары, еңбекақы.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельские территории, логистическая система, продукты питания, сырье, интеграция, экономическая эффективность, сельские жители, заработная плата.

Key words: agri-industrial complex, rural territories, logistics system, food products, raw materials, integration, economic efficiency, rural residents, wages.

Қазақстандағы қазіргі кездегі логистикалық жағдайдың даму қарқыны мен мүмкіншіліктерін азық-түлік кешеніне қатысты негізгі проблемалардан бөлек қарастыру мүмкін емес. Ол бірнеше себептерге байланысты:

Біріншіден, кешеннің дамуына кедергі келтіретін факторлардың болуы:

- шикізат сатып алуға меншікті капиталдың жоқтығы;
- «Зауыт-сауда алаңы» принципі бойынша байланысқан технологиялық өнеркәсіптердің болмауы.
- еліміздің оңтүстік өңірлерінде жемістер мен көкөністерді өсіруге климаттық жағдайлардың қолайлы болуына қарамастан, ондағы кеңінен өңдеу өте төмен. Консервіленген өнімдерді өндіру сапасы мен сыртқы келбеті бойынша халықаралық стандарттарға сай келмеуі;
- ауыл шаруашылығы шикізатын өндіретін орындардың жанында қайта өңдеуге арналған шағын зауыттар санының жеткіліксіз болуы;
- ауыл шаруашылығы шикізаттарын өндіру орнынан тікелей қайта өңдейтін және дайын өнімді сатып алатын инфрақұрылымның жеткіліксіздігі;
- ауылшаруашылық шикізаттары мен дайын өнімдерін сатып алу барысындағы инфрақұрылымдардың дамымауы;
- ауыл шаруашылығы шикізаттарын терең әрі қалдықсыз өңдейтін өндірістердің болмауы, атап айтқанда: құрғақ таңғы ас, мұздатылған шикі клейковина, жылдам мұздатылатын жидектер мен көкөністер, құрғақ жеміс концентраттары және т.б.;
- арзан импорттық өнімдердің шектен тыс мөлшері;
- агроном және азық-түлік өнеркәсібінің оқыту сапасының төмендеуі;
- ауыл жастарының қалаға жаппай ағылуы [1].

Екіншіден, отандық өндірушілердің өндірістік процестерді ретке келтірудегі тәжірибесі мен мүмкіндіктерінің әлі де болса дәстүрлі сипатқа ие екендігі. Сондықтан, логистикалық жүйені дамыту ауыл шаруашылығының өндірістік жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Жаһандық экономикалық бәсекелестік жағдайында заманауи өндірістік технологияларды және жабдықтарды пайдалану – жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді [2]. Сонымен қатар, Қазақстандық тұтынушылар жоғары сапалы арзан өнімдерді тұтынуды қалайды, ал кейбір жағдайларда бағасы қымбаттау. Сондықтан, отандық тауар өндірушілердің ең басты мақсатының бірі өндірістік шығындарды төмендетіп, өнімнің өзіндік құнын азайту болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін отандық тауар өндірушілер өндірістік процесте ішкі логистика ағынын жеткілікті түрде дамытып, өнім өндірушілерді керекті ресурстармен, меркетингпен қамтамасыз етпейінше ауыл шаруашылығын дамытудың оңайға түспейтіні белгілі.

Үшіншіден, отандық экономикада тауар айналысы саласы рөлінің жеткілікті дәрежеде бағаланбауы, ал бұл батыс елдері логистикасында сандық маңызымен сипатталатын ең негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады [3]. Біздің елімізде өндірістік секторға қарағанда тауар айналымын дамыту артта қалып отыр, әсіресе ол тауарлар мен қызметтерді сатуды ұйымдастыруда анық байқалады. Бұл жағдайлар бәсекеге қабілеттілікті төмендететін негізгі факторлардың бірі. Өндірушілерден тұтынушыларға дейін тауарларды жылжыту тауар айналысы саласында өте баяу. Осы себептерге байланысты, тұтынушылардың қажеттіліктері дер кезінде қанағаттандырылмайды. Нәтижесінде, тұтынушылардың отандық кәсіпкерлердің тауарлары мен қызметтеріне деген сенімсіздігі пайда болады. Ол үнемі қалдықтар принципі бойынша қаржыландырылған қыз-

Өңдеуші кәсіпорындағы келетін өңделмеген сүттің үлес салмағы 49%-дан 75%-ға өсіп отырғандығы анықталды, ал салқындатылған сүттің үлесі 49%-дан 25%-ға дейін кеміген. Сүт шикізатының сапасының төмен-

Ұйымдастырушылық факторларды талдау қазіргі жағдайда шаруашылық жүргізуші кәсіпорындардың ағымдағы қаржыға қол жеткізуден бұрын, стратегиялық тиімділікке жету үшін сүт жеткізушілермен өзара тиімді, әрі сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруды ойлауы қажет екенін көрсетті. Бұл міндет кәсіпорынның логистика бөліміне

